

Сарқан ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Сарқан аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 сәуірдегі N 2-8 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2016 жылы 20 мамырда N 3840 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан аудандық мәслихатының 2018 жылғы 15 маусымдағы № 40-172 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан аудандық мәслихатының 14.03.2018 № 40-172 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 386-бабының 5-тармағына сәйкес, Сарқан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Сарқан ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге **ж о ғ а р ы л а т ы л с ы н .**

2. Сарқан аудандық мәслихатының аппарат басшысы Разбеков Бейсенбай Мерекебаевичке осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Сарқан аудандық мәслихатының " Экономика саласы, қаржы, салық және бюджет, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық мәселелер, экология жөніндегі" тұрақты комиссиясына **ж ү к т е л с і н .**

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат сессиясының төрағасы

Е. Алинов

Мәслихат хатшысы

К. Абдрахманов